



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық ағеммізі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Егінжай – 2025

Белес

Ауыл медицинасы алға басты



Бабалар аңсаған тұғырлы тәуелсіздік еліміздің, қалаберді жекелеген өңірлердің дамуына жол ашты. Осы жылдар ішінде өсіп-өркендеудің жолына түскен аймағымызда тіпті ауылдарда да көптеген өзгерістер мен жағымды жаңалықтар орын алды.

Ерекше айта кететін жайт, бұрын ауылдық елді мекен тұрғындарының денсаулығы сыр берсе, дәрігерге тексерілуі, дереу ем алуы қиынның қиыны еді. Бүгінде шалғай ауылдар халқының сапалы медицинаға қолы жеткен. Ауылдарда суицид емхана салынып, арнайы көлікпен, білікті маманмен қамтылған. Нақтырақ айтсақ, 2023 жылы ауданға қарасты Мырзабай ахун, Есет батыр ауылдарында «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасымен дәрігерлік амбулатория салынып, ел игілігіне табысталды. Сондай-ақ дәл осындай медициналық ғимарат Қаракеткен ауылында да ашылып, бүгінде елге қызмет етуде.

Апта басында аудан әкімі Ардақ Ибраимов Қаракеткен, Аламесек және Мырзабай ахун ауылдық округтерінде жаңадан пайдалануға берілген амбулаториялық емхана-лардың қызметімен танысты. Сапар барысында заманауи талаптарға

сай медициналық көмек көрсету мәселесіне тоқталып, халыққа қолжетімді әрі сапалы қызмет ұсыну қажеттігін тапсырды.

Облыс әкімінің қолдауымен ауыл тұрғындарының денсаулығын жақсарту және медициналық қызметтің қолжетімділігін арттыру мақсатында жаңа амбулаториялар іске қосылды. Бұл – Мемлекет басшысының ауыл халқына деген ерекше қамқорлығының айқын көрінісі. Сапалы медициналық көмек көрсету – басты міндеттің бірі. Осыған орай емдеу мекемелерінің материалдық-техникалық базасын күшейтіп, қызмет көрсету деңгейін көтеруге және нысандарды ұқыпты пайдалануға ерекше назар аудару қажет, – деді Ардақ Ибраимов.

Аудан әкімі ғимараттардың санитариялық жағдайын, құрал-жабдықтардың тиімді қолданылуын, жылумен, сумен және электр энергиясымен қамтамасыз етілуін бақылап, тиісті сала басшыларына нақты

тапсырмалар жүктетті.

Бұл заманауи емханаларда тіркеу орны, қабылдау кабинеті, физиотерапиялық емдеу кабинеті, дәріхана пункт, қақырықты қоршау кабинеті, лфк залы, оқшаулау бөлмесі, егу кабинеті, жүкті әйелдерді қарайтын кабинет, ерлер мен әйелдерге, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған жуыну бөлмелері бар. Сондай-ақ заманауи медициналық құрал-жабдықтардың көмегімен ауыл тұрғындарынан қан талдауларын алып, диагноздары бойынша толық ем-шара жүргізуге мүмкіндік жасалған.

Мәселен, Қаракеткен ауылындағы емханада жыл басынан бері 100-ден аса науқас толық ем қабылдаған. Тіпті айына 19-20 науқасқа ем тағайындауға қауқарлы. Инсульт, инфаркт сынды сырқаттардың алдын алу үшін арнайы экг аппараты да қойылған. Сол арқылы жүрек тұсы ауырып немесе қан қысымы көтерілген тұрғындарды аппаратқа түсіреді. Мұнан бөлек тұрғындар жыл сайын онкологиялық аурудың алдын алу мақсатында жас ерекшеліктеріне қарай скринингтік талдау, флюорографиялық және маммографиялық тексеруден өтіп тұрады. 3 ай сайын аудан орталығындағы узи, лор, окулист, хирург, гинеколог мамандары осы емханаларға келіп, тұрғындар саулығын жіті қадағалайды.

Айта кетейік, соңғы 2 жылда облыстың барлық елді мекеніндегі денсаулық сақтау мекемелеріне 245 жаңа санитарлық автокөлік табысталса, оның 11-і Жалағаш ауданына берілді. Осылайша ауылдарды санитарлық автокөлікпен қамту мәселесі толық шешілген.

Міне, өмір сүрудің орташа ұзақтығы аймақта 74,5-тен 75,2 жасқа артуы – сөз бен істің сабақтастығының айқын көрінісі.

ЖАРЫН



Аяқсу мәселесі алаңдатады

Су ресурстары және ирригация министрлігінің мәліметіне сүйенсек, бүгінде су қоймаларындағы су көлемі 19,2 млрд текше метрді құрайды. Суармалы су көлемінің 98 пайызын оңтүстіктегі бес өңір, яғни Жетісу, Алматы, Жамбыл, Түркістан және өзіміздің Қызылорда облысы пайдаланады. Бұл аймақтарда 1,2 млн гектар жер суарылады.

Жалпы соңғы 5 жылдықта аяқсу мәселесі күрделенді. Бейсенбідегі Үкімет отырысында да оңтүстік өңірлердің бүгінгі су шаруашылығы бойынша жағдайы пысықталды. Бекітілген жоспарға сәйкес, аталған өңірлерге биылғы суару маусымында 10,1 млрд текше метр су беру жоспарланған. 15 шілдедегі жағдай бойынша әзірге 7 млрд текше метр су жұмсалған. Вегетациялық кезеңнің соңына дейін тағы 3,1 млрд текше метр су берілмек.

«Қазгидромет» РМК-ның мәліметінше, биылғы суару маусымы еліміздің оңтүстік өңірлерінде жауын-шашынның аз түсуіне байланысты созылып барады. Ал Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов Алматы мен Жетісу облыстарындағы ауыл шаруашылығы алқаптарын сумен қамту үшін тұрақты жағдай жасалып жатқанын айтады.

Аталған өңірлерді сумен қамтудың тиімділігін жақсарту және жеделдігін арттыру мақсатында министрлік пен «Қазсушар» РМК өкілдерінің іссапарға жіберілген арнайы тобы әлі де жұмыс істеп жатыр.

Жамбыл облысы бойынша вегетациялық кезең жоспарлы режимде өтуде. Шу-Талас бассейніндегі су шаруашылығы жағдайы қалыпты және тұрақты бақылауда. Биылғы суару маусымында сәуірден қыркүйекке дейін Шу және Талас өзендерінің бассейні бойынша су берудің жиынтық жоспарлы көлемі 625 млн текше метрді құрайды. Шілде айының басында Қордай ауданы Қайнар ауылындағы Шу өзенінде қосымша сорғы стансасы қосылды, бұл оның төменгі жағындағы учаскелерге су беруді арттыруға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек «Қазсушар» РМК филиалының күшімен Шу өзенінің учаскесі тазартылған.

Жалғасы 3-бетте


Ауыл тынысы



Бірлігі бекем, тірлігі тиянақты

Бірлігі бекем Ақсу – кентке жақын орналасқан ауылдардың бірі. Жыл сайын мұнда елді мекеннің еңсесін тіктеуге бағытталған жарқын жобалар жүзеге асуда. Мәселен, жаңадан дәрігерлік амбулатория бой көтеріп, халықтың қалауы бойынша ауыл мен аудан орталығын жалғайтын жол күрделі жөндеуден өтті. Сондай-ақ былтырдан бері жергілікті халық «көгілдір отын» тұтынып, ауыл көшелері жарықтандырыла бастады. Аталған жарқын жобалар биыл жалғасын таба ма? Ауылдағы ағайынның ахуалы қалай? Бірліктен береке тапқан ауылға тілшілер тобының арнайылап келуінің де басты себебі – осы сауалдардың түйінін тарқату. Бұл ауылдың тынысы маған бала күнімнен жақсы таныс. Себебі өзім осы ауылдың перзентімін. Топырағында айнап, алғаш осында қадам бастым. Ауыл әкімі Марат Шілдебаевтан ауылдағы ағайынның хал-жағдайын сұрасқан соң, елді мекен тынысымен таныспақ ниетте ауыл әкімімен бірге ішкі көшелерге қарай бағыт алдық. Бұл жолы ауыл тумасы ретінде емес, тілші ретінде қырағылық танытып, ауыл әкімінің әр сөзін мұқият тыңдап келемін.

Жалғасы 2-бетте



Балық аулаудан бақ сынады

Бейсенбіде ел бірлігін сақтап, өнегелі өмір өрнегін қалыптастырған қазыналы қарттарымыздың, елге адал қызмет еткен ардагерлеріміздің басын қосып, замандаспен дидарластыру мақсатында дәстүрлі балық аулау сайысы өтті. Жылдағы дәстүрден жаңылмай, балық аулау бәсекесіне ақсақалдар немере, шөберелерін де ерте келіпті. Абыз ақсақалдар мен зейнеткерлердің бәсекесіне аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов, аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев арнайы келіп, балықшы ардагерлерімізге сәттілік тіледі.

Жалғасы 4-бетте

Бірлігі бекем, тірлігі тиянақты



Иә, ауылда қордаланған барлық мәселені бір мезетте шешу мүмкін емес. Десе де елді мекен жыл сайын жаңарып, қарқынды даму жолына түскен. Қажеттілігіне қарай мұндағы өзекті мәселелер шешімін тауып, жарықтандыру, абаттандыру жұмыстары кезең-кезеңімен аткарылуда. Былтыр табиғи газге қосылған екі ауылдың бірі – Ақсу. Бүгінде тұрғындар табиғи газдың игілігін көріп, «көмір тасып, күл шығармайтын болдық» деп көгілдір отын келгелі көңілдері бірленгенін айтады.

Сондай-ақ былтыр ауыл көшелеріне бағаналар мен жарықшамдар орнатылып, көшелер жарықтандырылған. Ауылды дамыту мақсатында демеушілер есебінен атқарылып жатқан жобалар да жоқ емес. Мәселен, «Сәрке батыр» ЖШС тарапынан балалар ойын алаңының құрылысы жүргізіліп, тұрмысы төмен отбасының үйіне газ тартылған. Ал «АВ Агро Орда» ЖШС тарапынан «Беркімбай көлпе» кесенесін газға қосу жұмыстары жүргізілген.

Елді мекенде жүзеге асқан жоба мұнымен шектелмейді. Жақында «Ақсу – Беркімбай көлпе» аралығындағы аудандық маңызы бар кірме автомобиль жолына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ұзындығы

екімінің айтуынша, жоба жеңімпазы «Р и А-Сервис ЛТД» ЖШС атанған. Сондай-ақ М.Дәулетбеков, Ақарық, Алғабас көшелерін жөндеуге жалпы құны 106,9 млн теңгеге ЖСҚ әзірленіп, облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына бюджеттік өтінім жолданған. Ал С.Дәулетбеков, Конституция, М.Найзабаев, Т.Боранбаев, Т.Елеусінов, Бостай би сынды ішкі көшелерді жарықтандыруға жалпы құны 131,6 млн теңгеге ЖСҚ әзірленіп, облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына бюджеттік өтінім жолданған. Жалпы ауылда атқарылып жатқан жарқын жобалар жетерлік. Бастысы, халық бұл жобалардың игілігін көруде.

Салада серпін бар

Екі мыңға жуық халық мекен еткен Ақсуда ауыл шаруашылығы жақсы дамыған. Мұнда ауыл тұрғындарының негізгі тіршілік көзі – егін шаруашылығы. Мал шаруашылығымен де айналысып, төрт түлкі ті түлетіп отырғандар да жоқ емес.

Ауылдағы жергілікті шаруашылық «Сәрке батыр» ЖШС былтыр 950 гектар алқапқа Сыр күрішінің «Лидер», «Маршал» сұрпын сепкен. Дала дарабоздары күріштің бұл

– Мен жақында ауылда кондитер өнімдерін дайындаумен айналысамын деп 1 572 800 теңге қайтарымсыз грант алдым. Қазіргі таңда керекті құрал-жабдықтарды толық сатып алып жатырмын. Жақында өз кәсібімді бастап, ауыл тұрғындарына мереке күндері мен той-томалақта төрт пен дастарханның сәнін келтіретін төттілер дайындап ұсынатын боламын, – дейді ауыл тұрғыны Гүлжан Ыдырысова.

Ауылдағы алтын ұя

Айта кетейік, ауыл жастары білімге құштар, спортқа бейім, әсіресе өнерге жақын. Олар білім бәйгесінде жыл сайын мемлекеттік грантты жеңіп алып, спорттық сайыстарда да қарсыластарынан оза шабуда.

Ауылдағы алтын ұяда 288 оқушы білім алады. Ал оларға 60 педагог білім береді. 16 педагог зерттеуші, 12 педагог-сарапшы, 18 педагог-модератор бар. Биылғы оқу жылында 33 түлек үлкен өмірге қанат қағып, оның 22-сі ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысқан. Оқушылардың алды тестілеуден 113 балл жинаған. Біреуі «Алтын белгі», алтауы «Үздік аттестат» иегері екен.

Аз қамтылған және көпбалалы отбасының балаларына ауылдағы

мет көрсетеді. Ауылда жыл басынан бері 20 сәби дүниеге келген. Диспансерлік есепте артериалдық гипертониямен 206 науқас, жүрек ишемиялық ауруымен 81, бронхитпен 20, қант диабетімен 59 және онкологиялық аурулармен 13 науқас тіркеуде тұр. Ауылдық емханада тегін дәрі-дәрмек жағы да бір жолға қойылған. Мұнда дәрігер диагносттарына қарай есепте тұратын тұрғындарға уақытылы дәрі-дәрмек таратылады, 18 жасқа дейінгі балалар мен жүкті әйелдер де дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілген.

Емхана жұмысымен таныстырған дәрігер Индира Маратқызының айтуынша, мұнда 5 орынды күндізгі емдеу стационары жұмыс істейді. Заманауи медициналық құрал-жабдықтардың көмегімен мамандар ауыл тұрғындарынан қан талдауларын алып, диагноздары бойынша толық ем-шара жүргізеді. Күндізгі бөлімнен бүгінге дейін 104 науқас ем алған. Дәрігердің айтуынша, көбіне ауыл тұрғындары бүйрек, қант диабеті, қаназдық, қан қысымы сынды сырқаттармен шағым айтып келеді. Ауылда арнайы жедел жәрдем көлігі де бар. Мамандар тұрғындарға кез келген уақытта алғашқы көмек көрсетеді.

атағын иеленген жалғыз спортшы Ұласхан Алпысбай жаттықтырады.

Балкердің сөзіне сүйенсек, бұл үйірмелер ауыл жастарының уақытын тиімді әрі пайдалы өткізуге үлкен үлес қосуда. Үйірмеге оқушылар 2-3 сыныптан бастап қабылданады. Қазіргі таңда мұнда 30 бала бар, оның 3-еуі – қыз, 27-сі – ер бала. Олар мұнда аптасына 5 рет келіп, дайындық жүргізеді. Спортшылар дзюдодан аудандық жарыстармен шектелмей, облыстық, республикалық сайыста да бақ сынап, жүлделі орындарды иеленіп жүр. Жаттықтырушының айтуынша, олар былтырғы жылды айтпағанда, жыл басынан бері бірқатар жарыста топ жарған.

Мәселен, олар 3 республикалық, 5 облыстық, 10 аудандық жарыста ауыл абыройын асқақатқан. Тізе берсек, мұндағы спортшылардың жетістігі жетерлік. Бұл – спортшылардың тыңғылықты дайындығы мен олардан чемпион шығаруды мақсат еткен балкердің еселі еңбегінің жемісі. Ауыл жастарының алдағы уақытта да жеңісті жолдан жаңылмай, аудан абыройын асқақтата беретініне сенім мол.

Мәдениет – өмірдің мәйегі

Ауылдағы мәдениет үйінің жергілікті тұрғындар үшін орын бөлек. Ғимарат ескі болса да, мұндағы қызметкерлер мереке күндері іс-шара өткізумен шектелмей, жастарды өнерге баулуда. Олардың талантын тасада қалдырмай, ұлттық

ұлттық өнерді дәріптеп жүрген үлгілі ұжымның алдағы мақсаты айқын.

Ақсу ауылы жайлы айтсақ, ең алдымен «Асыл әжелер» ансамблі еріксіз еске түседі. Бүгінде мәні мен мағынасы терең, ескі өндердің ұмытылып қалмай, сахнада шырқалуына өз септігін тигізіп жүрген ақсулық «Асыл әжелер» ансамблінің орны ерекше. Ансамбль ең алғаш 2003 жылы Ақсу ауылдық клубы жанынан «Асыл әжелер» бірлестігі болып құрылған.

Бүгінде «Асыл әжелер» аудан облыс көлеміндегі мәдени шараларға белсене қатысып, жүлделі орындар иеленіп, көрерменнің көзіайымына айналды. Талантымен таңдай қақтырып, үнінің сыңғыры бұзылмаған әжелер халық өндерінің тарихына қанық, әркез жатқа айтып жүреді. Ансамбльдің құрамында 10 әже өнер көрсетеді. Олардың әрқайсысы – ауылдың дамуына өз үлесін қосқан, әр саланың үздігі. Өнер ұжымында әжелер тек ән айтып қоймай, ұлттық салт-дәстүріміздің жандануына өз үлесін қосуда.

Олар салт-дәстүрімізді, мәдениетімізді кейінгі ұрпаққа насихаттауға бағытталған шараларда білген-түйгенін үйретіп, қоғамдық шараларда да белсенділік танытады. Наурыз мерекесінде наурыз көженің дайындалу әдісі мен мерекеді жасалатын жән-жоралғы, ырымдарды көрсетіп, әр дәстүрдің өзіндік ерекшеліктері мен маңызындылығын түсіндіреді. Өнердің берекесін арттырып жүрген бағыр аналардан құралған ансамбль мүшелерінің ең жасы алпыстың



суда. Наурыз мерекесіне орай өткізілген спорттық ойынға да ауыл тұрғындары белсене қатысып, ұлттық спорт ойындарынан шаруашылық басшыларының демеушілігімен берілген ақшалай жүлделерге ие болды.

Ауылда чемпиондар мекеніне айналған №13 олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінде 2023 жылдан бері бокс пен қазақ күресі үйірмесі жұмыс жасайды. Ауыл жастары аталған спорт түрін дамытып, талай жетістікке жетіп жүр. Оларды ауылда қазақ күресі мен белбеу күрестен Қазақстан Республикасының спорт шебері

құндылықтарымызды дәріптей отырып, аядай ғана ауылдан талантты жастардың көптеп шығуына жүйелі жұмыс жасауда.

Қазіргі таңда мұнда 5 үйірме бар. Әр баланың жұлдыз болуына себепші болып жүрген мамандардың шекірттері ауылдық өнерпаздар облыстық, республикалық, халықаралық деңгейлерде өнер көрсетуде.

50 жылдық тарихы бар ауылдық клубтан бүгінге дейін бірнеше мәдениет майталманы шыққан. Бүгінгі жас ұрпақ алдыңғы аға-апаларының салған сара жолын жалғап, талай додаларда жеңіс тұғырынан көрініп келеді. Ұрпақ сабақтастығын үзбей,

ауылына ат басын бұрса, үлкені сексеннің сеңгіріне шыққан. Айта кетейік, ауылда 44 батыр ана бар. Оның 11-і – «Алтын алқа», 33-і – «Күміс алқа» иегері.

Бірлігі жарасқан ақсулықтардың тірлігі мығым. Түтіні түзу шыққан ауылдың тыныс-тіршілігімен танысып, қарттарын қадірлеген жастардың еңбекке деген ынтасы зор екенін байқадық. Берекесі тасыған аядай ғана ауылдың шаруасы шираған.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ
Басы 1-бетте



2,3 шақырым болатын бұл жолдың күрделі жөндеу жұмыстары «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында жүзеге асқан. Жоба құны – 164,4 млн теңге. 20-ға жуық отбасы мекен еткен бұл көше бүгінде тақтайдай тегіс жолға айналған. Көше тұрғындары «жаңбыр жауғанда балаларымыздың мектепке қатынауы қиын еді, енді ол күндер артта қалды» деп қуануда.

Жол сапасы жақсармақ

Ауыл тұрғындарының аудан басшысымен еткен есептікездесулерінде «Суымыз бар, жарығымыз бар, газымыз бар. Енді сапасы сын көтермейтін ой-шұқыры көп көшелер күрделі жөндеуден өтсе» деген талап-тілегі назарға алынды. Елді мекендегі М.Әуезов, Т.Қожағұлов және Ақбөгет көшелерінің құрылыс жұмыстары «Ауыл – ел бесігі» жобасы бойынша ұсынылып, жалпы құны 298,5 млн теңгені құраған. Ауыл

сұрпы салмақты болғандықтан нарықта өтімді екенін айтады. Олар былтырғы күзгі науқанда әр гектардан 55 центнер өнім жинаған. Жалпы «Сәрке батыр» ЖШС – ауданда егінді ертарпаптандыруға ерекше мән беретін шаруашылықтың бірі. Былтыр да ротация тәртібін сақтаған серіктестік күріштен бөлек 440 гектар жоңышқа, 70 гектар бидай және 50 гектар мақсары еккен.

Кәсіп түбі – береке

Ауылда кәсіпкерлік саласында ауыз толтырып айтарлықтай серпін қалыптасқан. Биыл 6 адам қайтарымсыз грантқа қол жеткізген. Оның 5-еуі мал шаруашылығын дамыту бағытында, ал 1-еуі кондитерлік өнімдерді дайындайды. Осыдан-ақ ауылдағы ағайынның кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдаланып отырғанын аңғардық.

шаруашылықтардың демеушілігімен жазғы демалыста тынығу лагеріне жолдамалар берілген. Атап айтсақ, «Сәрке батыр» ЖШС Алматыдағы «Тау жанашыры» лагеріне 2 жолдама, «АВ АГРО» ЖШС Шымкенттегі «Балдәурен» лагеріне 1 жолдама, Жаңақорғандағы «Талдысу» лагеріне «Мақсат», «Талап», «Бөйтерек» шаруа қожалықтары 6 жолдама алып берген. Аудандағы «Ақтерек» лагеріне 23 бала, мектеп жанындағы «Балауса» күндізгі лагеріне 120 бала демалған.

Емхана ел игілігіне харап түр

Елді мекендегі емхана осыдан 5 жыл бұрын ел игілігіне пайдалануға берілген. Қазіргі таңда мұнда 1 жалпы тәжірибелі дәрігер, 1 фельдшер, 1 әлеуметтік қызметкер 7 орта буынды медбике мен 5 техникалық қызметкер халыққа қалтқысыз қыз-



Брифинг

Өткен аптада аудандық сотта сала қызметкерлері мен БАҚ өкілдерінің қатысуымен 2025 жылдың I жартыжылдығында атқарылған жұмыстар қорытындыланды. Баспасөз конференциясында аудандық сот төрағасы Асылхан Мизанбаев баяндама жасап, тілшілердің бірқатар сұрағына жауап берді.

6 айда 550 іс қаралған

Төрағаның айтуынша, аталған мерзімде аудандық сотта 550 іс қаралған. Оның ішінде азаматтық 281, әкімшілік 3, қылмыстық 28, әкімшілік құқық бұзушылық бойынша 238 іс бар. Аяқталған 281 азаматтық іс бойынша 41 сот бұйрығы, 159 шешім шығарылса, 67 іс тоқтатылған. Ал 13 іс қараусыз қалдырылып, 1-еуі басқа соттың қарауына жолданған. А.Мизанбаев тоқтатылған азаматтық істерге қатысты 64 іс медиация бойынша, оның ішінде сотқа дейінгі хаттама негізінде 54 іс қаралғанын айтады.

Төрағаның айтуынша, 6 айда азаматтық істер, оның ішінде шарт бойынша міндеттемеден туындаған даулар саны артқан. Яғни банк, заем шарты, қарыз ақшаны қайтаруға байланысты биыл аудандық сотқа 64 арыз түскен.

11 отбасының шаңырағы шайқалған

Бүгінде қоғамда белең алған өзекті мәселенің бірі – ажырасу. «Үйлену оңай, үй болу қиын» демекші, жақында ғана

үйленген жастар бір-бірін түсініспей ажырасуға бел буған. Әрине, отбасы болған соң ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайтынын жоққа шығара алмаймыз. Әйтсе де мамандар жыл өткен сайын шырқы бұзылған отбасылар санының артып бара жатқанына алаңдаулы екенін жасырмады.

Айта кетейік, жыл басынан бері ауданда 56 жас отбасын құруға ниет білдіріп, заңды түрде өрлі-зайыпты атанған. Ал сот төрағасының сөзіне сүйенсек, небәрі 6 айда 11 өрлі-зайыпты ажырасуға өтініш білдірген.

– Некелерін бұзға арызданатындардың басым көпшілігі – жастар. Ажырасушылардың әрқайсысы әртүрлі себепті алға тартады. Шыны керек, олардың арасынан бір-бірімен дәм тұзы жараспағандар да, ата-әнесімен тіл табыса алмағандар да немесе зорлық-зомбылықты құрбаны болғандар да бар. Алайда некені бұзу туралы азаматтық істі қараған кезде өрлі-зайыптыларды татуласуыруға, бір сөзбен айтқанда, некені сақтап қалуға тырысамыз. Екі жас ашу үстінде асығыс шешім қабылдамас үшін заң аясында

ойлануға біршама уақыт бөріледі. Осы уақытта татуласып, бір-бірімен қайта жарасып кететіндер де бар. Ажырасқаннан кейінгі өзекті мәселе – алимент. Биыл 6 айда көмелетке толмаған балаларды бағу үшін алимент өндіру жайлы 12 талапкерден өтініш түскен. Алиментті уақытылы төлеуден бас тартып, қашып жүргендерге әкімшілік шара қолданылады, – дейді А.Мизанбаев.

83 азаматқа жаза тағайындалған

6 айда қылмыстық істер бойынша 16 іс аяқталса, үкім шығару арқылы 1 іс, сондай-ақ 5 іс тоқтатылған. Мұнан бөлек 10 іс соттылығы бойынша жолданып, 1 адам сотталған. Оған тағайындалған жаза түрі – қоғамдық жұмысқа тарту. Аяқталған істердің санаттарына тоқтасақ, жеңіл және ауырлығы орташа, сондай-ақ ауыр қылмыстар жоқ, ал теріс қылық санатындағы қылмыс – 1. Айта кетейік, алаяқтық бойынша да 6 іс қаралып, аяқталған.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың ең көп қаралған санаты – көлік құралын масаң күйде басқару. Бүгінде жол қозғалысы ережелерін бұзып, жөбірленушінің мүлкіне немесе денсаулығына зиян келтіру сынды тәртіп бұзушылықтар тыйылар емес.

Жыл басынан бері әкімшілік құқық бұзушылық бойынша 111 шағым түскен. Оның 108-і аяқталып, 3-еуі келесі тоқсанға шегерілген. 83 азаматқа жаза тағайындалса, 24 іс тоқтатылған. Сондай-ақ қос тараптың татуласуына байланысты медиация тәртібімен 7 іс тоқтатылған. Жаза тағайындалған 83 азаматтың 44-іне айыппұл салынып, 4-еуіне ескерту берілген. Сондай-ақ 34-і қамаққа алынып, 1 азамат көлік құралын басқару құқығынан айырылған. Көлік құралын басқару құқығынан айыру қосымша жаза ретінде 5 адамға қолданылған.

Мұнан бөлек жеке бастың құқықтарына қол сұғатын, оның ішінде ұрып-соғу, отбасы-тұрмыстық қатынастарда тұратын адамды ұрып соғу бойынша 30 іс тіркелген.

Баспасөз конференциясын қорытындылаған сот төрағасы алдағы уақытта да сот төрелігінің сапасын арттыруға, сот жүйесін нығайтуға барлық шара қолданылатынын айтып, журналистердің бірқатар сұрағына жауап берді.

Ақтөте БҮРКІТБАЙ

Аяқсу мәселесі алаңдатады



Түркістан және Қызылорда облыстарында биыл вегетациялық кезең орташа жылдық мерзімнен 20 күн бұрын басталған. Топырақтың жоғары қабатында ылғалдың төмендеуіне байланысты ауыл шаруашылығы дақылдарының су тұтыну көлемі бастапқы кезеңде орта есеппен 50 пайызға ескен. Бұл суару көздеріне қосымша ауыртпалық тудырды.

Су шығынын оңтайландыруға және ауыл шаруашылығы алқаптарын біркелкі суаруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін кезектестіре және түнгі суару жүйесі енгізілген. Су ресурстарын үнемдеуге және экожүйеге антропогендік жүктемені азайтуға ықпал ететін коллекторлық-дренажды суды қайта пайдалану белсенді қолданылады. Тік дренаж және сорғы қондырғылары қосылған, бұл жерасты суларының деңгейін тұрақтандыруды қамтамасыз етеді әрі суармалы жерлерде мелиорациялық іс-шаралардың тиімділігін арттырады.

Дәп осындай тәсіл Жалағаш ауданында да қолға алынған. «Ер-Әлі» шаруа қожалығының төрағасы Әліби Бекжанов егін егуде суды үнемді әрі тиімді пайдалануда. Мәселен, ол осыған дейін қашыртық суды қайта пайдалану арқылы тағы бір ауылдың бос жатқан жерін іске қосты.

Аяқсу қат болған шақта Үкімет суды ысырап етудің алдын алып өлек. Ал Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов Түркістан облысында ылғалды көп қажет ететін дақылдарды рұқсатсыз егудің, сондай-ақ оңтүстік өңірлерде суды заңсыз пайдалану жағдайлары болғанын жоққа шығармады. Үкімет басшысы Олжас Бектенов қолда бар су ресурстарын тиімді пайдалануды қатаң бақылауды қамтамасыз етуді және мұндай фактілерге жол бермеуді тапсырды. Түркістан облысы әкімдігіне халықты үздіксіз сумен қамтамасыз ету үшін алдын ала тиісті шаралар қабылдау міндеті жүктелді. Тиімділік пен үнемділікке, ведомствоаралық өзара іс-қимылға баса назар аудара отырып, су тәуекелдерін алдын ала басқаруға көшу қажеттігі атап өтілді. Ылғалды көп қажет ететін дақылдарды рұқсатсыз егуге жол берген лауазымды тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

Биыл аймақта 189,4 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Ал вегетациялық кезең күрделі жағдайда етуде. Егісті сумен қамтамасыз етуге 3 млрд 900 млн текше метр су лимиті бекітілген. Вегетациялық кезең басталғалы Сырдария өзенінен 2,5 млрд текше метр су алынып, оның 2 млрд текше метрі егістікке берілді.

Қазіргі таңда Сырдарияға жоғарыдан секундына 401 текше метр су түседі. Каналдар арқылы шаруашылықтарға 453,9 текше метр су жеткізілуі тіп, бірақ нақты 340,5 текше метр алынууда.

Аймақта суды тиімді пайдалану мақсатында тиісті министрліктермен бірлесіп, бірқатар шара қолға алынған. Атап айтқанда, қашыртықдағы суды екінші мәрте пайдалану бағытында облыста 238 насос қондырғысы жұмыс жасауда. Оның ішінде 25 насос қондырғысы Төтенше жағдайлар министрлігінің қолдауымен жеткізілген.

Қалыптасқан жағдайды ескеріп, облыс бойынша арнайы жұмысшы топтар құрылған, олар шаруашылық құрылымдары арасында түсіндірме жұмыстары кеңінен жүргізілуде. Магистральді және шаруашылықаралық каналдармен суды кезектестіріп беру кестесі бекітіліп, су кестеге сәйкес жіберіледі. Жалпы су үнемдеу бағытында 60 мың гектар күріш алқабы лазерлік тепістелген. Су үнемдеу технологияларын қолдану көрсеткіші 8,1 мың гектарға артып, екі есеге ұлғайды. Аймақта вегетациялық кезеңнің өтуі тұрақты бақылауда.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Басы 1-бетте

Тарих

Ашаршылық жылдардың ақиқаты немесе әкемнің әңгімесі

XX ғасырдағы жаңа қоғамның зулматы алып одақты мекен өткен халықтардың күнкөріс тіршілігі, ұлттық ерекшеліктеріне, тұрмыс жағдайына қарамай, жекенің малын төркіледі. Кеңес үкіметінің жүргізген саяси науқаны ортақ қоғамдық меншік дегенді бұрын-соңды көрмеген халықты ашаршылыққа ұшыратты. Бұл науқан малмен күн көрген қазақ халқына ауыр тиді. Малынан айырылған қандастарымыз ашаршылыққа ұшарады. Тарихшылар «1920-1929 жылдары 1 млн 200 мың адам көз жұмса, тек 1930-1933 жылдары 2 млн 279 мың адам аштықтан өліп, 1 млн-ға жуық қазақ шет елдерге кеткен. Қазақ даласындағы 40 млн малдан 4 млн ғана қалған» деген деректер келтіреді.

«Қазақ даласына Қазан төңкерісі соқпай өткен» деген республиканың партия басшысы Голощекин елде жекенің малын төркілеп, қоғамға ұйымдастыру науқанын өте пәрменді жүргізді. Саяси науқанның белсенділігі сондай, бұл жұмыстар ауылдарда шаруашылық басқалардан көш ілгері орталық Ресейдің аймақтарынан ұйымдастыру науқанын Қазақстан бұрын аяқтады. Бұл уақыт ұлтқа өкелген нәубет, аштық жылдары болды. Аузын арандай ашып келген аштық өңірлер мен өрбір отбасын қамтыды.

Сол жылдары Сырдың орталық аймағын мекендеген біздің елдің халқы да ашаршылыққа ұшырап, бірсыпырасы оңтүстікке, көрші елге ауды. Дегенмен іргелерін көтермей, «өзен жағалағанның өзеп талмайды» дегендей, дарияның, көлдердің балығымен, тоғайындағы аң-құсымен күн көріп, қиын уақытты басынан өткізгені жайлы әкелеріміз айтып отыратын.

1932-1933 жылдардың қысы қатты суық, қары қалың болды. «Жұт жеті ағайынды» дегендей, жекөлдерден ұйымдастырылған қоғамдық малдар қора-қопсы, жем-шөптің жоқтығынан, бағып-күтіп жасаудағы тәжірибенің жетіспеуінен қырыла бастады. Сонымен малдарды серіктестіктердің мүшелеріне бағып, пайдалануына бере бастады. Сол кездері халық ақыны Төлеубай Үркімбаевтың қоғамдық малға деген нәміқұрайлықты сынап, «Социалистік Қазақстан» газетіне «Сатанның сары атаны» деген фельетоны шықты. Фельетонда сары атан Сатанның жеке меншігінде болған екі өркеші баладай, жүндері жылтыраған ойсыққараның аруанасы болғанын, оны пайдаланғандар өздерінің малындай күтім жасайтынын айта келіп, қоғамдық меншікке өткеннен кейін «Сары атан» өркімнің жетегінде жүріп жүдеп-жадағанын, қыста ықтырма, жейтін шөп, жем жоқ, өлуге келгені, белсенді бригадир Ноғайбаевтың қоғамның күш көлігіне жұмсаудағы қатысғандығын сынап, егесі Сатанға қайтарылғанын, атанның егесіне айтқан зарың, қоғамда көрген озбырлығың, мұңын жазған болатын.

Бұл шарманың құдіретінің арқасында Үкімет қоғамдық малдарды ұжымдастыру, оны пайдалану, күтім жасаудағы кемшіліктерін көріп-біліп, республика бойынша тексерулер жүргізіп, бұл жұмысқа жаңаша бетбұрыс жасаған еді.

Қоғамдық малдардың қырылуы, жекеге қайта берілген малдардың күйсіздігі елді күйзелткенін жарықтық әкем айтуды еді. «Сол жылдары» деп әңгімесін

жалғастыратын.

Өздері ашаршылықтан қалжыраған елдің үстіне батыстан, солтүстік жақтан оңтүстікке бет алған адамдардың босқын топтары өтіп жатты. Олардың түрі өте қорқынышты болатын. «Аштық не жегізбейді» дегендей, олар бас-көзге қарамай, үйлерге баса көктеп кіріп, қолдарына ілінгенді қомағайлана жел, жұта беретін. Аштықтан, ұзақ жолдан денелері ісіп кеткен жандардың қандай адам екенін айыру мүмкін емес еді.

«Бас-көзге қарамай ұрсаң да, ештеңеден тайынып қорықпайтын. Осындай босқындардан қолдағы барымызды аман алып қалуға күш салатынбыз. Кейбіреулерінен «Кай жақтан босып келе жатырсыңдар, қандай ел боласыңдар?» деп сұрасақ, жауап бермейтін, сөзге сараң болатын. Олар үйлерге баса-көктеп кіріп, барына қара батпақша жабысатын, осындай өрекеттеріне қарап, оларды «Қара батпақтар» деп атап кеттік. Бұл сөз кешегі күнге дейін бір нәрсеге баса-көктеп жабылып жатқандарды біз жақта «қара батпақша жабылғандар» немесе қара батпақша жабылғандар деген мағынада аталып кетті. Сөйтсек олар батыс пен терістік жақтағы «Қаратөбе», «Қарабұтақ», «Қаратөкел» тағы басқа да қарамен аталатын елдерден ашаршылыққа ұшырап, оңтүстікке, Сыр бойына ауған қазақтар екен» деген сөзін жалғастыратын әкем.

Әлі есімде, ауылдағы Бөйімбет деген кісі жап-жас өрімдей екі қызды бір пұт тарыға айырбастап алып қалған еді. Кейін заман түзелгенде естілді. Сол бір пұт тары бір қауым босқындары күніне жарап, ашаршылықтан аман алып қалыпты. Ал сол екі қыздан өрбіген балық кешеге дейін айттып жүрді. Көнекез қариялар ертеректе «Көрімнің мылтығы, Байназар ұстаның балғысы күнімізге жарады» деп отыратын. Кейін әкем бастаған аңшылардың қолхоздың жоспарын орындаудағы жұмысы өз алдына бөлек әңгіме.

– Есек демекші, сол есектер ашаршылық жылдары күнкөріске жарады. Бізде бір есек болды, – деп әңгімесін жалғастыратын.

Отын тасыдық, міндік, оны ешкім есепке алмайды. Күз түсе сол есегімізді босатып жібергенбіз. Қараша айы болатын. Сол есек үйге оралмады. Бұл аштықтың араны ашылып тұрған көз еді. Оның үстіне елді «қара батпақтар» жайлап, «жығылғанға жудырық» дегендей, қорқынышты жылдар еді. Ашаршылық жылдары біз қоныртебел өмір сүрдік. Онша қиындық көргеніміз жоқ.



омбылап, секеңдеп жүр екен. Атып алып, ағаға бердім. Ол алғысын жаудырып, басын беріп, рахметін айтып, сорта жасатыпты. Сол әкеміз кейін қартайған кезінде бас қосқан жерде өкемнің сол жақсылығын «Әуелі құдай, екінші сол қарияның арқасында аман қалдық» деп үнемі айтып отыратын. Өкемнің ағасы Кәзі деген кісі сол жылдары аудан орталығы Қармақшыда қызметте жүргенде Ресейден мехзаводаға келген орыс инженерімен дос болып, өкеме «Берденко» мылтығын әкеліп берген екен. Содан ауылда мылтығы бар алғашқы аңшы болған кісі еді.

Әкем жасаған жақсылығын көп айта бермейтін. Жақсылық іс жата ма? «Аштықта жеген қуяңның ауыздан дәмі кетпейді» дегендей, қолынан келгенінше айналасына жақсылығын жасауға дайын жүретін, шалт қимылдайтын қарулы кісі болатын. Ауыл төңірегіндегі «Табан», «Астау», «Лайөзек», «Көкшөміл» көлдерінен балық аулап, аң-құс атып, аштыққа ұшыраған отбасыларға қамқорлық жасағанын халық кешеге дейін айттып жүрді. Көнекез қариялар ертеректе «Көрімнің мылтығы, Байназар ұстаның балғысы күнімізге жарады» деп отыратын. Кейін әкем бастаған аңшылардың қолхоздың жоспарын орындаудағы жұмысы өз алдына бөлек әңгіме.

– Есек демекші, сол есектер ашаршылық жылдары күнкөріске жарады. Бізде бір есек болды, – деп әңгімесін жалғастыратын.

Отын тасыдық, міндік, оны ешкім есепке алмайды. Күз түсе сол есегімізді босатып жібергенбіз. Қараша айы болатын. Сол есек үйге оралмады. Бұл аштықтың араны ашылып тұрған көз еді. Оның үстіне елді «қара батпақтар» жайлап, «жығылғанға жудырық» дегендей, қорқынышты жылдар еді. Ашаршылық жылдары біз қоныртебел өмір сүрдік. Онша қиындық көргеніміз жоқ.

Рысбай ҚӨРІМОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Сақтансаң, сақтайды

Қауіпсіздік бәрінен маңызды

Тұрғын үйдегі өрт қауіпсіздігі – адамдардың өмірін, денсаулығын және мүлкін оттан қорғау мақсатында сақталуы тиіс маңызды талаптардың жиынтығы. Өрт оқиғалары көбінесе тұрмыстағы нәміқұрайлық пен қауіпсіздік ережелерінің бұзылуынан орын алады. Сондықтан әр азамат өрт қауіпсіздігі ережелерін білуі және қатаң сақтауы тиіс.

Тұрғын үйдегі өрттің негізгі себептеріне келсек, ашық отты абайсыз пайдалану, яғни шылғым шегу, сіріңке, шам жағуда қауіпсіздік талаптарын сақталмаса, мұның бәрі өрттің тұтануына басты себеп болады. Электр құралдарын ұзақ уақыт қосып қою немесе ақаулы құрылғыларды пайдалану да тілсіз жаудың тұтануына басты себеп болады.

Пеш пен түтін құбырларының ақаулығы, газбен жабдықталған құралдарды дұрыс пайдаланбаудың соңы да өртке ұласады. Балалардың отпен ойнауына жол бермеу керек. Өйткені осындай жағдайлардың салдарынан да өрт оқиғалары орын алған. Өрттің алдын алу үшін қайтпек керек? Бірінші кезекте электр құрылғыларын қолданған соң міндетті түрде өшіру керек. Қабырғадағы тоқ көзі мен мен сымдардың жарамдылығын тексеріп тұрған дұрыс. Газ плитасын қараусыз қалдырмаңыз. Балаларды от, сіріңке, оттықпен жалғыз қалдыруға тағы болмайды.

Пеш жаққанда қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтаңыз. Үйде бастапқы өрт сөндіру құралдары, яғни өрт сөндіргіш, су, құм, көрпе болуы керек. Түтін шыққанда немесе газдың иісі білінсе, электр жарығын қоспаңыз, терезе ашып, тез арада үйден шығып, 112 нөміріне хабарласыңыз.

Өрт болған жағдайда не істеу керек? Біріншіден, сабыр сақтаңыз, адамдарды қауіпсіз жерге шығарыңыз. 112 нөміріне қоңырау шалып, нақты мекен-жайыңызды айтыңыз. Кішкентай өрт болса, өрт сөндірілген немесе су, көрпе арқылы өшіріп көріңіз. Электр тоғынан шыққан өртке су төкпеңіз, өйткені бұл қауіпті.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Бәрекелді!

Чемпиондар құрмет төрінде



Аудан әкімі Ардақ Ибраимов бір спортынан ересектер арасында өткен Азия чемпионаты мен жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионатының жеңімпаздарын арнайы қабылдады. Қабылдауда аудан әкімі ел намысын қорғаған жалағаштық спортшыларды жеңісімен құттықтап, құрмет көрсетті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Бұқаралық спортты дамыту арқылы біз кәсіби спортқа жол ашамыз және ең бастысы, ұлт саулығын жақсартамыз» деген болатын. Осы бағытта облыс әкімінің қолдауымен аймағымызда спорт саласын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Сәулеті мен сәні келіскен жаңа ғимараттар бой көтеріп, халық игілігіне табысталууда. Жыл басында аудан орталығында дене шынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға берілсе, алдағы күндері Аққыр ауылдық округіндегі жаңа спорт кешені ел игілігіне берілетін болады. Сонымен қатар кенттегі орталық стадион да жаңғыртудан өткізілуде. Бұл – спорт саласындағы жүйелі жұмыстың нәтижесі. Сіздер байрақты бәсекелерде топ жарып, халықаралық аренада еліміздің абыройын асқақтаттыңыздар. Бұл – спортшыларымыз бен бапкерлеріміздің тынымсыз еңбегінің жемісі. Алдағы уақытта да спорттың биік белестерін бағындырып, жеңіс тұғырынан көріне берулеріңізге тілектеспін. Жеңіс жо-

лындағы қадамдарыңыз әрдайым сәтті болғай! – деді аудан әкімі.

Салтанатты қабылдауда аудан әкімі ел намысын қорғап, байрақты бәсекелерде жеңіс тұғырынан көрінген спортшыларды арнайы марапаттап, қаржылай сертификаттар табыстады.

Айта кетейік, 26-30 сәуір күндері Өзбекстан республикасының Андижан облысы Хонобад қаласында бір спортынан жасөспірімдер арасында Әлем чемпионаты өтіп, онда аудан спортшылары ел намысын абыроймен қорғады. Жарыс қорытындысы бойынша жалағаштық Ербол Әзиз, Әділбекұлы Өтеген, Өмірбек Әлтайыр, Нұрлан Қуаныш сынды спортшыларымыз 1 алтын, 2 күміс және 5 қола медаль алып, ел мерейін үстем етті.

Сонымен қатар 14-19 мамыр аралығында Қырғызстан республикасының астанасы Бішкек қаласында өткен Азия чемпионатында да жерлестеріміз жоғары жетістікке жетті. Атап айтқанда, Төлеген Қайсар, Орынбасар Нұрислам, Мажиев Ислам және Сейтенов Абдулхасан

сынды спортшыларымыз алтыннан алқа тағып, ел намысын қорғады.

Айта кетейік, Төлеген Қайсар – бір спортынан Қазақстан республикасының спорт шебері, жастар арасында Азия және Әлем чемпионаттарының үш дүркін жеңімпазы. Ол былтыр Тайвань мемлекетінің Тайбэй қаласында өткен сайыста Азия чемпионы атанған. Бір тасын алақанда ойнататын 14 мемлекеттің мықты спортшылары қатысқан сайыста жерлесіміз жастар арасында 78 келі салмақ дәрежесінде серпе көтеру жаттығуында І орын иеленсе, ұзын айналым жаттығуында ІІ орынға тұрақтаған.

Бойындағы күш-жігерін әлем алдында дәлелдеп, елдің абыройын асқақтатқан спортшымыз 13 жасынан үйірге тұрақты қатысып келеді. «Наркескен» спорт клубында бір

– спорт шеберіне үміткер, – дейді бапкер Абдулхасан Сейтенов.

Мекеме басшысы Батырбек Нұрланұлы білікті бапкердің қажырлы еңбегін жоғары бағалап, аудандағы бір спорты үздіксіз даму үстінде екенін тілге тиек етті. Басшылық тарапынан қолдау мен көмек болған жерде спортшылардан нәтиже болары хақ.

Айта кетейік, үйірме қатысушылары жыл сайын 500-ге жуық ауыл спортшысы бас қосатын «Алтын күз» спартакиадасынан соңғы жылдары командалық есеп бойынша алғашқы үштіктен түспеген. Спортшылардың бос уақыты жоқ, бірі жарыстан келсе, енді бірі жарысқа барады.

Қабылдауда спорт саласының ардагері, Жалағаш ауданының құрметті азаматы Бақытбек Төлеков сөз сөйлеп, жеңіс тұғырынан көрінген спортшыларға ізгі тілегін білдірді.



спорты бойынша команда дайындау үшін 2016 жылы арнайы үйірме ашылған. Аудан әкімдігінің қолдауымен, демеушілердің көмегімен бір спорты үйірмесі талапқа сай қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Бұл жұмыстар бүгінде өз жемісін беріп, аталған спорт түрі дамып, жыл сайын үйірмеге қатысатын жастар қатары артып келеді. Қандай жарысқа барса да қоржындары бос қайтаптын үйірме спортшылары жыл басынан бері біраз жетістікке жетіп үлгерген. Оларды өз ісінің маманы, жоғары санатты жаттықтырушы, Азияның екі дүркін чемпионы Абдулхасан Сейтенов дайындайды.

– Бүгінде үйірмеге көңт, ауылдардан аптасына 4 күн 60-қа жуық оқушы келеді. Үйірмеде 4 топ бар, оның бірі – «Сауықтыру» тобы. Жігіттердің еңбекқорлығы талай сайыста байқалды. Олар спорт шеберіне үміткер атағын алу үшін біраз тер төкті. Нәтижесінде Төлеген Қайсар – спорт шебері, ал Нұрлан Қуаныш, Өтеген Әділбекұлы, Ербол Әзиз, Нұрислам Орынбасар, Ислам Мажиев

Жалпы спорт саласындағы негізгі басымдық бұқаралық спортты дамыту, халықты дене шынықтырумен жүйелі түрде айналысуға тарту және салауатты өмір салтын насихаттау болып табылады.

Қазіргі таңда ауданда дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде айналысатындардың саны – 14 603, бұл аудан халқының 40,5 пайызын құрайды. Өткен жылы аудан спортшылары әлемдік және Азия чемпионаттары мен облыстық жарыстарда түрлі деңгейдегі 227 медаль жеңіп алып, жоғары нәтижелерге қол жеткізді.

Бүгінде аудан спортшылары қол добы, тоғықұмалақ, асық ату, жеңіл атлетика, ауыр атлетика, бокс, бір тасын көтеру секілді спорт түрлерінен облыстық жарыстарда 52 алтын, 32 күміс, 22 қола медаль, Қазақстан чемпионаттарында 13 алтын, 4 күміс, 2 қола медаль, ал халықаралық жарыстарда 9 алтын, 2 күміс, 7 қола медаль жеңіп алды.

Ақтоты БҰРКІТБАЙ

Футбол



Іріктеу ойындары: келесі кезеңге кім өтеді?

Футболдан чемпиондар лигасының іріктеу кезеңі басталды. Алматылық «Қайрат» іріктеу ойындарында Словенияда қонақта болды. Алаң қожайындары ә дегеннен шабуылды үдеткенімен отандық команда сыр алдырмады. Тіпті бірінші болып қонақтар есеп ашты. Араға 7 минут салып Д.Пирту Кошта таразы басын теңестірді.

Мұнан кейін алаң қожайындары жанкүйерлерге жеңіс сыйлау үшін шабуылды үдетті. Бірақ «Қайраттың» қорғанысы берік болды. Бас төреші 6 минут қосымша уақыт қосты, бірақ мұны алаң қожайындары өз пайдасына жарата алмады.

Словения жерінде тең тарқасқан қос команда апта басында Алматыда қарымта кездесу өткізді. Иә, «Қайраттың» келесі кезеңге өту мүмкіндігі мол. Өйткені сырт алаңда олардың аяқ алысын байқадық. «Бұйыртыса, іріктеу кезеңінің келесі ойындарында отандық клубты тағы да көреміз» деген болжамымыз да дәл келді.

Бұл кездесуде «Қайратқа» келесі кезеңнің жолдамасын «Олимпия Любляна» қақпашысы Финк сыйлады десе де болады. Өйткені отандық клуб ойыншылары салған екі гол да қақпашының салғырттығынан орын алды.

Алғашқы таймда 2:0 есебімен алға шыққан «Қайраттың» келесі таймды қорғанысқа арнайтыны заңдылық және солай болды да. Бірнеше рет қонақтар қарымта шабуыл ұйымдастырғанымен алаң қожайындарының қорғанысы берік болды.

Иә, бұл ойында келесі кезеңге өтіп, «Қайрат» жанкүйерлерге жеңіс сыйлады. Енді олар чемпиондар лигасының іріктеу кезеңінде «КУПС-ті» қабылдайды. Финляндиялық клуб та «Қайратпен» деңгейлес. Сондықтан бұл команда да отандық клубқа қиындық тудыра қоймайды. Тек кешегі словениялық клубпен өткізгендей ойын тәсілі керек. Сырт алаңда жеңіске жетпесе де, таразы басын тең ұстаса жеткілікті. Ал өз алаңымызда әлгіндей шабуылды үдетіп, соңында қорғанысқа басымдық берсе болғаны.

Қазақстандық тағы 2 команда еуропа лигасы мен конфедерация ойындарында келесі кезеңнің жолдамасын сарапқа салған. Алайда олардың бұл ойында бар мүмкіндігі болғанымен, оны өз пайдасына жарата алмады. «Ордабасы» грузиялық «Торпедо Кутаисиге» есе жіберсе, «Ақтөбені» «Легия» жарыс жолынан ысырды. «Ордабасы» ендігі ойындарын өз лигамызда жалғастырса, «Ақтөбе» конфедерация ойындарында Чехияға жолға шықпақ. Оның да осы кездесуде мәселесі шешілетін сияқты. Өйткені «Спарта Прага» – соңғы уақытта нәтижелі ойынымен көзге түскен тәжірибелі клуб.

Иә, бар үмітіміз «Қайратта». Алматылық клубтың әзірге топтық кезеңге де өтуге мүмкіндігі бар. Тек әр ойында сыр алдырмаса жеткілікті.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Балық аулаудан бақ сынады

– Бүгін өскелең ұрпаққа өнеге көрсетіндей шара өтуде. Елдің бірлігі, мықты ауызбіршілігін көріп өскен жас ұрпақтың жолы ашық болады. Иә, бұл шараның тек балық аулау, құр уақыт өткізу ғана емес, ардагерлеріміздің өскелең ұрпақ алдындағы бірлігі, өнегелі дара жолын көрсетер тағылымды іс ретінде маңызы зор. «Қарттарын асыл қазына» деп ардақтаған егеменді елімізде ардагерлеріміз ерқашан құрметке лайық. Құрметті демалыста жүрсе де, ауданның мәдени-қоғамдық өміріне араласып, игілікті шараларда белсенділік танытып келесіздер. Сіздердің салауатты өмір салтын қалыптастыруға белсене араласуларыңыз аудан тұрғындары мен жастарымыздың спортпен шұғылдануына үлкен бағыт-бағдар береді. Қатысушыларға сәттілік тілеймін, – деді аудандық мәслихат төрағасы Әмірзақ Елеусінов.

Аудан ардагерлері арасындағы балық аулаудан жарыс 2014 жылдан бері дәстүрлі түрде өткізіліп, жарысқа қатысушы ағаларымыздың саны да жылдан-жылға артып келеді. Жалпы жарыс өте тартысты өтті. Балалық шақтарын еске алса керек, басында белсенділік танытпай тұрған қарттарымыздың уақыт өте қармақтарына жиі балық түсе бастады. Әріне, Сырдарияның сағасында өскен ақсақалдардың балық

аулаудың қыр-сырын толық меңгергеніне ешкімнің күмәні болмады.

– Балық аулаудан жарыс өтетінін естіп, таң атысымен каналға тарттым. Мақсатым осындай өнегелі істерге белсене араласып, жас ұрпақты тәрбиелеуге өз үлесімді қосу болатын. Ұйымдасты рушыларға алғыс айтамын. Дода тартысты өтуде. Дария жағасында есейгесін болар, балық аулау таңсық іс емес. Шыны керек, ес білгелі қармақ салу – ең жақсы көретін ісім. Бұрын бұл өңірдің суында балықтан көп нәрсе жоқ еді. Тұтас бір өңірді асырайтын жағдайда болатын. Қазір дариядан су тартылғалы балық та қашты. Десе де қазірдің өзінде ауыл маңындағы каналдардан балық аулап тұрамын. Сондықтан біз, әсіресе болашақ осы жердің егесі жастар табиғатымызға ерекше ілтипатпен, қамқорлықпен қарауымыз керек. Киелі Жалағаш жері керемет қой, – деп есiet айтты Жанұзақ Оспан атамыз.

Жарыста өңір тарихы туралы танымдық әңгімелер де сөз болды. Мәселен, Кеңес заманында ауданға қарасты Қаракеткен ауылы балық аулаудан рекорд орнатып, алдыңғы қатарда болған. Ол кезде Қаракеткеннің атын төңірекке танытпал еткен «Игілік» балық колхозы еді. Балықшылар балықты Қаракеткен аумағындағы «Майкөл», «Кіндіккөл», «Үйсінкөлі», «Түйе кеткен» сияқты

көлдерден аулаған. Соғыс жылдары колхоз барлығы 13 мың тоннадан астам балық аулап, Отан қорғау қорына жөнелткен. 1964-1965 жылдары колхоздың аты халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің «Құрмет» тақтасына жазылды. 1965 жылы Балық шаруашылығы министрлігінің ауыспалы «Қызыл Туына» ие болады. Міне, осындай мақтан тұтар тарихы бар өлкемізді қайта жандандыру – бүгінгі ұрпақ міндеті.

Қазақ – қариясын сыйлаған халық. Қарияның батасынсыз қазақ қоғамында қордалы байламдар жасалып, іс басталмаған. Бұл – атам заманнан бері келе жатқан игі дәстүр. Сол дәстүрдің аясында бастау алған балықшылар сайысы ардагерлердің батасымен басталып, түрлі марапатпен қорытындыланды.

Нақтырақ тоқталсақ, жарыс нәтижесінде Таң ауылынан Қасымхан Қозыбағаров І орыннан көрінсе, аққұмдық Целицает Беңеев ІІ орынды, мәдениеттік Егізқара Ибраев ІІІ орынды иеленді. Сондай-ақ Жұмағали Игенбаев «Белсенді балықшы», Жанұзақ Оспан «Үлкен балық аулаушы», Ерқара Сүлейменов «Ұқыпты балықшы», Серәлі Құйрықбаев «Саны көп балық» және Темір Серәлиев «Қарт балықшы» номинациясымен марапатталды.

Ж.АРЫН

Басы 1-бетте



Меншік иесі: СЫРМЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Марат АРАЛБАЕВ Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ	Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г күзлігі берілген. “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. <i>Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.</i> Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 2681 Тапсырыс №1201
---	--	--	--	---